



Жанғара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ТУҒАН ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТҰРЛАУЛЫ ТҰЛҒАСЫ

75 жас



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғұлама тарихшысы, ұлағатты ұстазы, тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Қазақстан Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, «Құрмет» орденінің иегері, көрнекті қоғам қайраткері, көсем сөздің жүйрігі, туған

тарихымыздың тұрлаулы тұлғасы Талас Омарбекұлы (29.05.1948 - 6.12.2021) Қазақстан тарихының ғылым пәні, оқу пәні ретінде қалыптасуына, Қазақстан жоғары мектебінің дамуына, Тәуелсіз Қазақстанның тарихи танымының, тарихи есінің жаңаруына ерен еңбек сіңірді.

Талас Омарбекұлы талайғы Таластың бойында, әлемге әйгілі елді-мекен, қабырғасы қалың да алып тастардан қаланған атақты Ақыртас қамалының іргесінде, ортағасырлық Түймекент шаһарының түбінде, Әулие ата Қарахан мен Айша бибі аңызының сырлы сазы ескен Тараз өлкесінде дүниеге келді. Көзін ашқанда көргені Ақыртас болды, көңілін ашқанда білгені құм астында қалған



Түймекент болды. «Тарихпен көзін ашқан» дегенді жұрт осындай жағдайға байланысты айтқанға ұқсайды. Осындай терең түбінен тұнған телегей тарих кеңістігінде дүние есігін ашқан, бала кезінен байырғы Тараз, кейінгі Әулиеата өңірінің сан түрлі, қат-қабат тарихынан хабардар болып, олардың құпиясын тереңірек білсем деген арман қуған жас туған тарихымыздың тұрлаулы тұлғасы, әйгілі жылнамашысы болып қалыптасты. Мыңға жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер жазып жариялады, олардың ішінде 30-дан астам іргелі монографиялық зерттеулер, 20-дан астам оқулықтар мен оқу құралдары бар. Таңдамалы еңбектері Канадада, Үндістанда, Германияда, Түркияде, Ресейде және басқа елдерде жарық көрді. Халық игілігі үшін жоғары білімді жас мамандардың бірнеше буын легін оқытып, тәрбиеледі, 40-тан астам ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады. Жаңа ғылыми-зерттеу бағытын ашты, ғылыми мектеп қалыптастырды.

Талас Омарбекұлы екеуміз бір-бірімізді 1991 жылы көріп, білдік. Таныса сала-ақ мен Тәкеңнің ыңғайына бейімделіп, тарихтың қилы кезеңдерінен, өңірдің тауы мен даласының, суы мен шөлінің тарихынан мәлімет алғым келіп тұратын болдым. Жақынырақ біліскенде, Тәкең өзім өмір-тарихын арнайы зерттеген Байзақ датқаның тұяғы болып шықты. Байзақ датқаның өмір жолының қаһармандық белестері мен трагедиялық еңістері, тағдыр-талайы қайталанбас даралығымен ерекше. Ол ерекшелікті толғанбай, ойланбай қабылдау мүмкін емес... Осыдан соң-ақ Тәкеңе ерекше ықыласпен қарайтын болдым.

Тәкеңнің туған жеріндегі Ақыртас туралы ертедегі дерек көздерінен іздеп жүріп бірталай аңыз таптым, Түймекент аңыздарынан жинағандарым да біршама, Шөлтөбе аңызын да тебіренбей оқу мүмкін емес. Бәрі де ертеректе хатталған, баспа жүзін көрген дерек көздерінен. Сол аңыздардың бәрі маған ыстық көрінеді. Сол аңыздар алқабында Таластың басынан, Ақыртөбенің қасынан,



Түймекенттің түбінен тұлғаланып шыққан Талас Омарбекұлына да тура сол аңыздарға қарағандай қарайтын болдым. Тәкең маған бойында аңыз бен ақиқаттың асыл жылғасы ағып жатқан таңғажайып тамаша жан сияқты болып көрінетін.

1988 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Талас Омарбекұлын сол кездегі Партия тарихы институтының тарих секторына аға ғылыми қызметкер ретінде шақыртып алды. Ол Өзбекәлі Жәнібеков, Қуаныш Сұлтанов тәрізді қазақ тарихы мен мәдениетінің жанашыр қызметкерлерінің ықпалымен және ақыл-кеңесімен Қазақстан тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын жаңа бағытта жандандырды, жабық сақталып келген тарихи құжаттардағы қазақ халқы көрген қисапсыз қиянаттардың бетін ашты. Ресми мекеменің жанында жұмыс істеу ізденімпаз ғалымға партия органдарының кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргінге қатысты құпия құжаттарымен, ОГПУ-дің құпияланған көптеген іс-қағаздарымен терең және жан-жақты танысуға жол ашты. Талас Омарбекұлы саяси биліктің XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы зобалаң саясатын әшкерелейтін іргелі зерттеулер жүргізді. Сол зерттеулер бойынша 1931-33 жылдардағы аштықта аштан қырылған 2 млн. аса қазақтың санын нақтылай түсетін шындықты айтып шырылдауы сол шындықты жасырып, жабық ұстағандарды төбе шашы тік тұрғандай шошытты.

Тәуелсіздік таңы тарихшы ғалымның ғылыми ізденістеріне кең өріс ашты. 1991 жылдан бастап ғалым өзінің ғылыми зерттеулері мен ұстаздық қызметін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғастырды, іргелі еңбектерін осы университет қабырғасында жазды. Доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып қызмет етті.

М

Тарихшы өмірінің соңғы кезеңінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі ұлттық



комиссия құрамында ебек етіп, саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты жабық жатқан архив құжаттарының көптомдық ғылыми басылымының дайындалуы мен жарық көруіне белсене қатысты.

Талас Омарбекұлы: «Тарихты жазу үшін адалдық керек», - дейтін. Қазақ, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін ғалым осындай ұстынды ұстанымы негізінде сараптады. Ғылыми тұжырымдары мен пікірлерін тарихи дерек көздеріне, архив құжаттарына негіздеп түю, дәлелді дәйектеу оның ғылыми ойлауының ғана емес, кісілік болмысының да басты қасиеті еді. Ол тарих ғылымында ғана емес, өмірде де адалдықты ардақ тұтып өтті.

Тарихшы ғалымның бір пікірін ғана емес, бар ойын, тұжырымдарын архив құжаттарына негіздеп жазуының қилы қиындықтары болды. Талас Омарбекұлы сол қиындықтардың бәрін көтерді, бәрін жеңіп шықты. Бірақ бұл жеңістің ғалым үшін ауыртпалығы да болмай қалған жоқ.

Архив құжаттарымен жұмыс жасаудың осындай қиындықтарының бір қырын зерттеуші былай сипаттады: *«Көкейімде миллиондаған қырылған адам тұр. Олардың қалай өлгенін архивте отырып, оқыдым. Архивте ұзақ жылдар бойы отырдым. 5-6 жыл өткен соң, бетперде тағып отыратын болдым. Өйткені 1926-30-жылдардың қағаздарын ашқан кезде бұрқ-бұрқ етіп шаңы шығатын. Осы шаңның бәрін жұтып, кешке таман тыныс ала алмайтындай жағдайға жеттім. Әбден тазаланып, жуынып, сүт ішіп, ертесіне архивке қайта барамын. Тарихшының жолы оңай жол емес»¹.*

Иә, тарихшының жолы оңай емес еді. Тарихшы Талас Омарбекұлының ғылыми зерттеу жолы қиынның қиыны, тіпті мехнатты жол болды. Тарихқа, халықтың, елдің,



мемлекеттің тарихына адалдық, ақиқатқа адалдық, тоталитарлық басқару жүйесіндегі қиянаттан қырылған қарапайым халықтың рухы алдындағы, елдің өсер өркенінің алдындағы парыз бен қараз ғалымды жылдар бойында осындай темірдей берік төзіммен, жанқияр ерік-жігермен, қайтпас қайсарлықпен еңбек етуге құлшындырды. Ғылымда осыншалық темірдей берік төзіммен, жанқиярлық ерік-жігермен, қайтпас қайсарлықпен еңбек етудің қайнар көзі - біреу. Оның атын ерлік десек те, қаһармандық десек те, адалдық десек те, даналық десек те артық емес. Талас Омарбекұлының ұлт тарихын жазудағы төзімі мен ерік-жігерінің, қайтпас қайсарлығының негізінде, тарихқа деген адалдығының негізінде даналық жарығы бар.

Талас Омарбекұлы тиянақты талдаулары мен салиқалы сараптаулары арқылы тарихи, саяси, әлеуметтік маңызы үлкен ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Бұған дейін зерттеу нысаны болмаған, ғылыми айналысқа түспеген мұрағаттық деректер негізінде жүргізген зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихы туралы ғылымды жаңа қағидалармен байытты.

Талас Омарбекұлы Қазақстанның ұлттық жоғары мектебінің дамуына, Қазақстан тарихы ғылымының жаңаша қалыптасуына, елдің тарихи есінің, қоғамдық санасының жаңғыруы мен жаңаруына, зияткерлік әлеуетінің артуына зор үлес қосты.

Талас Омарбекұлының жарқын бейнесі біздің есімізде.

26.05.2023